 KM Life KELESHEK MURASY	Процедуралық құжаттар		
	Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ережесі «KM Life» ӨСК» АҚ		
PD – 19 – 27	3 редакция	«12» 09	2022 ж. бастап қолданысқа енгізіледі
			Негізгі бет

«KM Life» ӨСК» АҚ
 Директорлар кеңесінің

шешімімен

«12» қыркүйек 2022 ж.

№ 57 хаттама

БЕКІТІЛДІ














**Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде
 оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру
 ережесі
 «KM Life» ӨСК» АҚ**

Бұл құжат "KM Life "ӨСК" АҚ меншігі болып табылады. Бұл құжатты ұйымнан тыс жерге беру Компания
 басшылығының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

Алматы қаласы
 2022

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

«KM Life» ӨСК» АҚ-та қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ережесіне

	Қызметкердің лауазымы	Аты-жөні, тегі	Қолы	Күні
ӘЗІРЛЕНДІ:	Андеррайтинг бөлімінің бастығы	Д. Кенджеева		08.09.2022
КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма төрағасының орынбасары, бас бухгалтер-Басқарма мүшесі	М. Раштан		08.09.2022
	Басқарушы директор	О. Син		08.09.2022
	Заң бөлімінің бастығы	Д. Масенов		08.09.2022
	Комплаенс қызметінің бастығы	А. Кембаева		08.09.2022
	Тәуекелдерді басқару қызметі бастығының м.а.	А. Керейбаева		08.09.2022
	Методология бөлімінің бастығы	М. Федоров		08.09.2022
	Шығындарды реттеу басқармасының басшысы	А. Мухамедиев		08.09.22
	Актуарлық бөлімнің басшысы	Ж. Расилова		08.09.22
	Сақтандыру және қайта сақтандыру Корпоративтік сақтандыру басқармасының бастығы	А. Клочкова		08.09.2022
	Өңірлермен жұмыс жасау Бөлімінің бастығы	А. Гумарова		08.09.2022

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер.....	4
2-тарау. Анықтамалар мен терминдер.....	4
3-тарау. Сақтандыру объектісі.....	5
4-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі.....	5
5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі.....	5
6-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу тәртібі, Сақтандыру шартының тоқтатылуы, мерзімінен бұрын тоқтатылуы және жарамсыздығы.....	5
7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	6
8-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі.....	9
9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны Сақтандыру шарты бойынша төлеу тәртібі.....	9
10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысына түзету коэффициенті.....	11
11-тарау. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау.....	11
12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары (Сақтандыру шартының қолданылу орны).....	12
13-тарау. Зиянның мөлшерін айқындау тәртібі, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары.....	12
14-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары (Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және шығындар мөлшері).....	14
15-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негізі (сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу).....	15
16-тарау. Аннуитет шартын жасасу.....	15
17-тарау. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру тәртібі.....	15
18-тарау. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері, қосымша шарттар.....	16

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. «KM Life» ӨСК» АҚ-та қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың осы ережесі (бұдан әрі мәтін бойынша – Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» Заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Міндетті сақтандыру туралы заң), Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және «KM Life» ӨСК» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – сақтандыру шарттары / қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттары) жасасу тәртібін айқындайды.

1.2. Сақтанушының немесе оның өкілінің Сақтандыру шартындағы қолы оның Ережемен толық келісуінің растамасы болып табылады.

2-тарау. Анықтамалар мен терминдер

2.1. Ережеде мынадай анықтамалар мен терминдер пайдаланылады:

- 1) **Сақтандырушы** – «KM Life» ӨСК» АҚ;
- 2) **Сақтанушы** – қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;
- 3) **Сақтандырылушы** – Сақтанушының қызметкері;
- 4) **Пайда алушы** – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
- 5) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
- 6) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтанушының Сақтандырушыға, соңғысы Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 7) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 8) **Сақтандыру жағдайы** – Ереженің 12-тарауында көзделген мән-жайлар кезінде қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде ол (олар) ұшырайтын, соның салдарынан қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға не өлімге әкеп соғатын өндірістік жарақаттану, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улану болатын еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кездегі жазатайым оқиға (жазатайым оқиға);
- 9) **Сақтандыру шарты** – оған сай Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенетін, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға Сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенетін құжат;
- 10) **Аннуитеттік сақтандыру шарты** (бұдан әрі – аннуитет шарты) – оған сәйкес Сақтандырушы аннуитет шартында белгіленген мерзім ішінде Пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті Сақтандыру шарты;
- 11) **Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган** (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;
- 12) **Кәсіптік еңбекке қабілеттілік** – қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты атқару қабілеті;
- 13) **Кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесі** – қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару қабілетінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын төмендеу деңгейі;
- 14) **Кәсіптік тәуекел сыныбы** – өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі;

15) **Қызметкерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру** – еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлдіктік мүдделерін қорғау жөніндегі қарым-қатынас кешені;

16) **Сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

17) **Сараптамалық пікір** – объективті факторлармен (математикалық әдістер мен модельдерді пайдалана отырып статистикалық ақпарат базасында қалыптастырылған талдамалық деректерге негізделген), сондай-ақ тиісті тұлғаның/тұлғалар тобының субъективті көзқарасымен (эмпирикалық деректерге құрылған болжамдарға және т. б.) дәлелденген және/ немесе расталған тұлғаның немесе тұлғалар тобының (тиісті білім саласындағы сарапшылар болып табылатын) пікірі.

3-тарау. Сақтандыру объектісі

3.1. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың (бұдан әрі – қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) объектісі оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге не оның өліміне әкеп соғатын жазатайым оқиға нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлдіктік мүддесі болып табылады.

4-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі

4.1. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

4.2. Сақтандыру шарты Ереженің 4.4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

4.3. Сақтандыру шарты сақтандырудың бүкіл мерзімі ішінде қолданылады және алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің әрекетін тоқтатпайды.

4.4. Жұмыс берушінің қызметі он екі айдан аз мерзімге жүзеге асырылған кезде Сақтандыру шарты осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

4.5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда сақтандырудың қорғаныс кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне сәйкес келеді.

5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5.1. Сақтандыру шарты Сақтанушының өтініш-сауалнамасы негізінде жасалады.

5.2. Сақтандырушы Сақтанушы ұсынған деректер негізінде сақтандыру сомасының мөлшерін анықтайды.

5.3. Электрондық өтініш беру арқылы жасалған Сақтандыру шартына Сақтанушы мен Сақтандырушының электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы қол қойылады.

5.4. Сақтандыру шарты жазбаша түрде жасалуға тиіс. Сақтандыру шартының жазбаша нысанын сақтамау оның маңызсыздығына әкеп соғады.

5.5. Ережеде қамтылған және Сақтандыру шартының мәтініне енгізілмеген талаптар Тараптардың орындауы үшін міндетті.

5.6. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде оның телнұсқасын береді. Сақтандыру шартының телнұсқасын беру үшін Сақтандырушының Сақтанушыдан Сақтандырушының қолданыстағы тарифтеріне сәйкес соманы өндіріп алуға құқығы бар, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 0,1 айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

6-тарау. Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу тәртібі, Сақтандыру шартының тоқтатылуы, мерзімінен бұрын тоқтатылуы және жарамсыздығы

- 6.1. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың бірінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.
- 6.2. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың мұндай өзгеріске жазбаша нысанда келісімі болған жағдайда енгізіледі және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Сақтандыру шартына қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе – Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енді деп есептеледі.
- 6.3. Ережеде көрсетілмеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу жағдайлары мен тәртібі Тараптардың келісімімен айқындалады.
- 6.4. Орналасқан жері өзгерген кезде Сақтанушы 10 (он күн) мерзімде Сақтандырушыны жаңа мекенжайы туралы хабардар етуге міндетті. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушының алдыңғы орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жіберілген кез келген хат-хабарды Тараптар орындалған (жарамды) деп есептейді.
- 6.5. Сақтандыру шарты мынадай жағдайларда:
- 6.5.1. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталғанда;
- 6.5.2. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
- 6.5.3. Сақтандырушы Сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырғанда өз қолданысын тоқтатады.
- 6.6. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде болған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған жазатайым оқиғалар бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген жағдайда сақтандыру төлемін қолданылуы кезеңінде жазатайым оқиға болған қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымы жүзеге асырады.
- Бұл ретте жазатайым оқиға күні:
- еңбекте мертігу салдарынан қызметкер қайтыс болған немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген кезде - жазатайым оқиға туралы актіде көрсетілген жазатайым оқиға күні;
 - кәсіптік аурудың анықталуы нәтижесінде қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген кезде - кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы шығарылған күн.
- 6.7. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 6.8. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың негіздері мен салдарлары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

7-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Сақтанушы:

- 7.1.1. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушыны таңдауға;
- 7.1.2. сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;
- 7.1.3. өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ Пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға;
- 7.1.4. Сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, Сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 7.1.5. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 7.1.6. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманьына (тікелей сақтандыру омбудсманьына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

7.1.7. Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін осы Ереженің 18.2-18.4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге құқылы.

7.2. Сақтанушы:

7.2.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын жасасуға;

7.2.2. шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын Сақтанушыны «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеген жағдайда Сақтандырушымен жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасуға арналған өтінішті электронды түрде беруге;

7.2.3. Сақтанушы қызметін жүзеге асыруды бастаған айдан кейінгі айдың бірінші онкүндігі ішінде Сақтандырушымен қызметкерді жазатайым оқиғалардан Сақтандыру шартын жасасуға;

7.2.4. сақтандыру сыйлықақысын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен мен мерзімде төлеуге және өзіндегі сақтандыру жөніндегі барлық құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуын қамтамасыз етуге;

7.2.5. мен қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген кезден бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;

7.2.6. сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

7.2.7. жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда, бұл туралы дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға хабарлауға;

7.2.8. уәкілетті орган мен Сақтандырушы өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының басталу мән-жайларын тексеруді қамтамасыз етуге;

7.2.9. сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалын дәлелдеуге;

7.2.10. Пайда алушы бойынша сақтандыру төлемін есептеу, аннуитет шартын жасасу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты (оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын), сондай-ақ Сақтандырушының дербес деректерді жинауына және өңдеуіне Пайда алушының жазбаша келісімін шартта белгіленген мерзімде Сақтандырушыға беруге;

7.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден уақтылы өткізуді қамтамасыз етуге;

7.2.12. қызметкерлердің сақтандыру жағдайы алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;

7.2.13. қызметкерлерді еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне өндірістен қол үздірмей оқытуға;

7.2.14. уәкілетті органның жазатайым оқиғалардың профилактикасы, олардың алдын алу мен тексеру мәселелері жөніндегі шешімін орындауға;

7.2.15. өзінің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;

7.2.16. сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайтуға бағытталған шаралар қолдануға;

7.2.17. сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

7.2.18. Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына қызметкерді жазатайым оқиғадан міндетті Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға;

7.2.19. аннуитет шарты жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның көшірмесін пайдасына аннуитет шарты жасалған Пайда алушыға ұсынуға міндетті.

Сақтандыру шартында Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

7.3. Сақтандырушы:

7.3.1. сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;

7.3.2. ақпаратты экономикалық қызмет түрлерін штаттық кестеге немесе Сақтанушы беретін және (немесе) Сақтандырушы сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың сәйкестігі тұрғысынан тексеруге;

- 7.3.3. уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;
- 7.3.4. сақтандыру жағдайлары жөніндегі ақпаратты тексеруге және қажет болған кезде тиісті уәкілетті органдарға сұратулар жіберуге;
- 7.3.5. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін Сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
- 7.3.6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
- 7.3.7. сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
- 7.3.8. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 7.3.9. зиян келтірген тұлғаға кері талап қоюға құқылы.

7.4. Сақтандырушы:

- 7.4.1. Сақтанушыны Сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның Сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 7.4.2. сақтандыру жағдайы басталған кезде Міндетті сақтандыру туралы заңға және Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
- 7.4.3 жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметті дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 7.4.4. өз қызметінің нәтижесінде Сақтанушы және Пайда алушы туралы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 7.4.5. сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтінішті және Ереженің 14.2-тармағында көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін және Сақтанушының (Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге;
- 7.4.6. Сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін шығарған шығыстарын өтеуге;
- 7.4.7. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 7.4.8. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта жіберуге;
- 7.4.9. Міндетті сақтандыру туралы заңның 19-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде Пайда алушыға аннуитет төлемі бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.
- 7.4.10. Сақтандырушы Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға міндетті.
- 7.4.11. Аннуитет шарты жасалған күннен кейін жиырма жұмыс күні ішінде Пайда алушыны (оның заңды өкілін) оның пайдасына жасалған аннуитет шарты туралы хабардар етуге міндетті.

Сақтандыру шартында Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

7.5. Пайда алушы:

- 7.5.1. Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемдерін алуға;

7.5.2. Сақтанушы мен Сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру талаптары туралы ақпаратты, сондай-ақ оның пайдасына жасалған аннуитет шартының көшірмесін тегін алуға;

7.5.3. сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мәселелері бойынша шешімдерге уәкілетті органға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

7.5.4. уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне медициналық-элеуметтік сараптама мәселелері бойынша жүгінуге;

7.5.5. сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

7.5.6. сақтандыру жағдайын тексеруге қатысуға, оның ішінде қызметкерлер өкілдерінің не өзі сенім білдірген адамның қатысуымен қатысуға;

7.5.7. қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Ереженің 18.2-18.4-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманьына немесе сотқа жүгінуге;

7.5.8. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманьына (тікелей сақтандыру омбудсманьына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге құқылы.

8-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

8.1. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ Сақтандыру шартын жасасқан кездегі барлық қызметкерлердің еңбекақысының жылдық қорынан кем болмауға тиіс.

8.2. Сақтандыру сомасы Ереженің 13-тарауына сәйкес көзделген сақтандыру төлемі (сақтандыру төлемдері) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстар мөлшерінің сомасына азайтылады.

8.3. Сақтандыру сомасы қызметкерлердің еңбекақысының жылдық қоры өзгерген жағдайда өзгеруі мүмкін.

9-тарау. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны Сақтандыру шарты бойынша төлеу тәртібі

9.1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Ереженің 9.2-тармағында белгіленген, Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген сақтандыру тарифінің негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

Сақтандырушы жылдық еңбекке ақы төлеу қорын айқындаған кезде әрбір қызметкердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының он еселенген ең төмен мөлшерінен аспайтын, он екіге көбейтілген ай сайынғы кірісі қабылданады.

Егер Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде еңбекке ақы төлеу қоры және (немесе) жұмыскерлердің штат саны өзгерсе, онда тараптардың келісімі бойынша негізгі шарттың қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасасу жолымен Сақтандыру шартына (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде) өзгерістер енгізіледі. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекке ақы төлеу қорының өзгерген сомасы және негізгі шарт мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алынып есептеледі. Сақтандыру тарифі Сақтандыру шарты жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне пропорционалды есептеледі.

Сақтанушы шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын Сақтанушыны «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеген жағдайда Сақтандырушымен электрондық нысанда Сақтандыру шартын жасасуға арналған өтінішті электрондық түрде берген жағдайда еңбекке ақы төлеудің жылдық қоры Сақтанушының өтінішінде көрсетілген деректер негізге алына отырып айқындалады.

9.2. Кәсіптік тәуекел сыныбына қарай экономикалық қызмет түрлері бойынша сараланған төмендегідей сақтандыру тарифтері белгіленеді:

Кәсіптік тәуекел сыныбы	Сақтандыру тарифі
1	0,12%
2	0,29%

3	0,48%
4	0,49%
5	0,52%
6	0,53%
7	0,54%
8	0,65%
9	0,56%
10	0,88%
11	0,75%
12	0,76%
13	1,29%
14	1,55%
15	1,13%
16	1,17%
17	1,21%
18	2,43%
19	1,75%
20	2,05%
21	2,54%
22	2,96%

9.3. Егер Ереженің 9.1, 9.2-тармақтарына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінен аз болған жағдайда, онда қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жалақының ең төмен мөлшерін құрайды. Бұл ретте, сақтандыру сомасы сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің ұлғаюына пропорционалды түрде ұлғайтылады.

9.4. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол өз қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуға тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) Сақтанушыда болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

Бұл ретте филиалдың (филиалдардың) өзі (өздері) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растауы болуға тиіс.

9.5. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Қағидалардың 10-тарауында көрсетілген сақтандыру сомасына көбейтілген түзету коэффициентін (арттыру немесе төмендету) ескере отырып, сақтандыру тарифінің негізінде айқындалады.

Сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентін ескере отырып, Сақтандыру шартында көрсетіледі.

9.6. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуді Сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімде бір рет немесе бөліп-бөліп жүргізеді. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

9.7. Сақтандыру шартының қолданылуы ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткенге дейін қалған мерзімге пропорционалды түрде қайта есептеуге жатады.

10-тарау. Сақтандыру сыйлықақысына түзету коэффициенті

10.1. Егер сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушының кінәсінен болса, онда Міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы түзету коэффициентіне көбейтіледі.

10.2. Түзету коэффициенті Сақтандыру шартын жасасқан күннің алдындағы соңғы 5 (бес) жылдың ішінде зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны мен Сақтандыру шартын жасасқан күні Сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы саны негізінде айқындалады. Түзету коэффициенттерінің мәндері мынадай мөлшерлерде қолданылады:

Зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны	Қызметкерлердің жалпы саны					
	100-ге дейін	101-ден 500-ге дейін	501-ден 1000-ға дейін	1001-ден 10000-ға дейін	10001-ден 20000-ға дейін	20000-нан астам
2-ден 9-ға дейін	3	2	1,75	1	1	1
10-нан 19-ға дейін	3,4	3,2	3	2,5	1,25	1,1
20-дан 49-ға дейін	3,8	3,3	3,2	2,75	2,4	1,25
50-ден 99-ға дейін	4	3,5	3,3	3	3,1	1,5
100-ден 199-ға дейін		3,6	3,5	3,4	3	2
200-ден 299-ға дейін		4	3,75	3,5	3,2	3
300 және одан астам			4	3,8	3,6	3,5

10.3. Егер Сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) Сақтанушыда болған жағдайда, онда түзету коэффициенті барлық зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын және Сақтанушы мен оның филиалы (филиалдары) қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып есептеледі.

10.4. Зардап шеккен қызметкерлердің санын есептеу үшін қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 30-дан 100 пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге не оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны ескеріледі.

10.5. Түзету коэффициентін қолдану тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады

10.6. Сақтандыру шарты жасалған күннің алдындағы соңғы 5 (бес) жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сараптамалық пайымдауды ескере отырып, Компания Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырудың бәсекелес жағдайларын қолдау мақсатында кәсіптік тәуекел сыныбына қарай түзету коэффициенттерін айқындайды. Түзету коэффициенті жиналған сақтандыру сыйлықақыларының, сақтандыру төлемдерінің және мәлімделген шығындар резервінің көлемін қамтитын статистикалық деректер негізінде есептеледі. Түзету коэффициентінің есебі Компанияның сақтандыру портфелі бойынша шығындар көрсеткіштеріне негізделген, сондай-ақ Компанияның Сақтандыру шартын жүргізу бойынша әкімшілік шығыстары және осы өнімнің пайда көрсеткіштері ескеріледі.

10.7. Өзге сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларына түзету коэффициенттерін айқындау әдістемесі қаржылық көрсеткіштерді, денсаулық жағдайын, статистикалық және өзге ақпаратты талдауды қамтуы мүмкін.

10.8. Түзету коэффициенттерін қолдану туралы шешім сараптамалық пікірге негізделеді.

11-тарау. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау

11.1. Қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі салдарынан болған, соның салдарынан қызметкердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде болған жазатайым оқиға (жазатайым оқиға) сақтандыру жағдайы деп есептеледі. Ереженің 12-тарауында көзделген мән-жайларда оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу, кәсіптік ауруға шалдығу не қайтыс болу дәрежесін белгілеуге құқығы бар.

11.2. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян қызметкердің уақытша еңбекке қабілетсіздігіне байланысты зиянды қоспағанда, оның қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге байланысты зиянның материалдық көрінісін қамтиды.

11.3. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері Ережеге сәйкес ұсынылған құжаттардың негізінде айқындалады.

12-тарау. Сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары (Сақтандыру шартының қолданылу орны)

12.1. Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар, еңбек міндеттерін атқару кезінде қызметкерлер денсаулығының зақымдануы, сондай-ақ жұмыс берушінің мүддесінде өз бастамасы бойынша оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге не егер олар орын алса, қайтыс болуға әкеп соққан өзге де әрекеттер жасау есепке алынуға жатады:

12.1.1. жұмыс уақыты басталар алдында немесе аяқталғаннан кейін жұмыс орнын, өндіріс құралдарын, жеке қорғану құралдарын дайындау және ретке келтіру және басқа да іс-қимылдар кезінде;

12.1.2. жұмыс орнындағы жұмыс уақыты ішінде, қызметі қызмет көрсету объектілері арасындағы жүріп-тұрумен байланысты қызметкердің, жіберуші Тарап қызметкерінің жол жүрісі бойынша, оның ішінде жұмыс берушінің немесе қабылдаушы Тараптың тапсырмасы бойынша, сондай-ақ еңбек міндеттерін орындау кезінде іссапар уақытында;

12.1.3. жұмыс беруші немесе қабылдаушы тарап ұсынған көлік құралында жұмысты орындау орнына немесе жұмыстан келе жатқанда;

12.1.4. жеке көлік құралында жұмыс берушінің немесе қабылдаушы Тараптың оны қызметтік мақсаттарда пайдалану құқығына жазбаша келісімі болған кезде;

12.1.5. жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың мүддесі үшін өз бастамасы бойынша іс-әрекеттер жасаған кезде;

12.1.6. вахталық әдіспен жұмыс істейтіндердің жиналу орнынан (вахта кезеңінде тұрған) жұмысқа немесе кері қарай жұмыс беруші немесе қабылдаушы тарап ұсынған көлік құралында жүру жолында.

13-тарау. Зиянның мөлшерін айқындау тәртібі. сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

13.1. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты табысты (кірісті) жоғалтуға қатысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

13.2. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бестен жиырма тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеуді Сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

13.3. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан бір жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін Сақтандырушы жүзеге асырады.

13.4. Өтеуге жататын жоғалтылған табысты (кірісті) есептеу үшін ескерілетін орташа айлық табыстың (кірістің) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартын жасасу күні тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төмен жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.

13.5. Сақтандыру төлемінің мөлшері еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем шегеріліп жүзеге асырылады.

13.6. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан аспайтын мерзімге белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін Сақтандырушы ай сайын аннуитет шарты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, Сақтандырушы бірінші сақтандыру төлемін Ереженің 14.2-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

13.7. Өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл және одан да көп мерзімге белгілеуге байланысты қызметкердің табысты (кірісті) жоғалтуына қатысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі Ереженің 16-тарауына сәйкес Сақтанушымен жасалған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жетуі мерзімінен аспайтын мерзім бойы қызметкердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

13.8. Табысты (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

13.9. Жазатайым оқиға болған кезде қызметкердің қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиғаның салдарынан оның денсаулығының нашарлау себебі бойынша зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтету құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексында белгіленген мерзім бойы жүзеге асырылады..

13.10. Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген жағдайларда, Пайда алушылар болып табылатын өзге де тұлғалардың сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

13.11. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

13.12. Өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған заңды тұлға таратылған жағдайда, зардап шеккен қызметкермен не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес құқығы бар адаммен Міндетті сақтандыру туралы заңда көзделген тәртіппен аннуитет шарты жасалады.

13.13. Жұмыскерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда оның денсаулығының зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеуді Сақтандырушы осы шығыстарды шеккен жұмыскер не тұлға ұсынған, осы шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық көмекке жұмсалатын шығыстар өтелуге жатпайды.

13.14. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері мынадай мөлшерлерден (республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштерде) аспауға тиіс:

13.14.1. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 30 (отыздан) 59 (елу тоғыз) пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 500;

13.14.2. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 60 (алпыстан) 89 (сексен тоғыз) пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 750;

13.14.3. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі 90 (тоқсаннан) 100 (бір жүз) пайызды қоса алғанға дейін белгіленген кезде – 1000.

13.15. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы осы шығыстарды шеккен қызметкер не тұлға осы шығыстарды растайтын Ереженің 13.14-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған кезден бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, осы тармақта белгіленген мөлшерлер шегінде жүзеге асырады.

13.16. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі жиынтық сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың тиісті бастапқы белгіленген дәрежесі бойынша Ереженің 13.14-тармағында айқындалған мөлшерлер шегінде жүзеге асырады..

13.17. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда оны жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы жерлеуге жұмсалған шығыстарды 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

13.18. Егер сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшері Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, Сақтандырушыға Сақтанушының есебінен айырма төленеді.

13.19. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

14-тарау. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы талаптары (Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттардың тізбесі және шығындар мөлшері)

14.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін көрсетіп, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда қояды.

14.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

14.2.1. кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесі;
- 2) жазатайым оқиға туралы акт;
- 3) зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
- 5) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығы туралы анықтамасының көшірмесі;
- 6) емделуге нақты жұмсалған шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және басқалар);
- 7) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің еңбекке қабілеттілігінен айырылған не оны тағайындаудан бас тартқан жағдайда тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері туралы анықтамасының көшірмесі;
- 8) кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіптік аурудың бар-жоғын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 9) жұмыс беруші куәландырған, зардап шеккен қызметкердің жұмыс істеген, бірақ 12 (он екі) айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын Ережелердің 14.2.-тармағында көзделген құжаттың көшірмесі; өтініш беруші олар оларға қолжетімділікті Сақтандырушыға дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым беретін дерекқорларда және (немесе) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда болған (оларда көрсетілген мәліметтер болған) жағдайда, ұсынбайды.

Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу мақсатында Сақтандырушы зардап шеккен жұмыскердің немесе оның заңды өкілінің жазбаша нысандағы келісімі болған және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптары сақталған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды (оларда көрсетілген мәліметтерді) және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді мемлекеттік органдардың дерекқорынан және (немесе) ақпараттық жүйелерінен электрондық нысанда алуға құқылы.

14.2.2. қызметкер қайтыс болған жағдайда:

- 1) Сақтандыру шартының көшірмесі;
- 2) жазатайым оқиға туралы акт;
- 3)) қызметкердің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе қызметкердің қайтыс болуы туралы хабарлама;
- 4) Пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;
- 5) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 6) жұмыс беруші куәландырған, қайтыс болған қызметкердің жұмыс істеген, бірақ 12 (он екі) айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

14.2.3. сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды болғызбау немесе азайту мақсатында Сақтанушының шеккен шығыстарын, олар болған жағдайда, растайтын құжаттар.

Сақтандырушының Сақтанушыдан не Пайда алушыдан қосымша басқа да құжаттарды талап етіп алдыруына жол берілмейді.

14.3. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш беруші табыс еткен құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы Сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға Ереженің 14.2-тармағында көзделген барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы үш жұмыс күні ішінде оларды жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

14.4. Зардап шеккен қызметкер (ал ол қайтыс болған жағдайда қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар тұлға), сондай-ақ келтірілген зиянды Сақтандырушының осы Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде Пайда алушыға өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған Сақтанушы немесе өзге тұлға Пайда алушы болып табылады.

14.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

15-тарау. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негізі (сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу)

15.1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 3-тармағында көзделген жағдайлар басталған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

16-тарау. Аннуитет шартын жасасу

16.1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда Сақтанушы қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құқығы бар адамның пайдасына аннуитеттік сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар жұмыс беруші тандаған сақтандыру ұйымымен Ереженің 14 тарауындағы талаптарды есепке ала отырып, аннуитет шартын жасасуға міндетті.

16.2. Аннуитет шарты Ереженің 14.2-тармағында көзделген құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

16.3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде кіріс алуын қамтамасыз ететін талаптарда жасалады. Аннуитет шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы болған Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушымен жасалады.

16.4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Пайда алушы төлеуге жатпайды.

16.5. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және Сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

17-тарау. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру тәртібі

17.1. Қызметкердің (қызметкерлердің) еңбекке қабілеттілігінен бір күннен артық айрылуына әкеп соқтыратын әрбір жазатайым оқиға медициналық қорытындыға сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жазатайым оқиға туралы актімен ресімделеді.

17.2. Қызметкерді еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыруды уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Сақтанушының, Сақтандырушының не қызметкердің өтініші бойынша немесе сот шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

Денсаулық сақтау ұйымының қорытындысы және жазатайым оқиға туралы акт куәландыру үшін негіз болып табылады.

Қызметкерді жазатайым оқиға немесе кәсіптік ауру салдарынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін айқындауға куәландыру, сондай-ақ қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждықты айқындау Қазақстан Республикасының мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіптік аурулар тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

18-тарау. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері. қосымша шарттар

18.1. Сақтандыру шарты бойынша туындайтын даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.

18.2. Сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде Сақтанушы (Пайда алушы):

талаптарын көрсетіп және өзінің талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) жіберуге не жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып реттеу үшін өтінішті сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де окшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

18.3. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтінішті алған кезде оны 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

18.4. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

18.5. Ережемен және Сақтандыру шартымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

ТІРКЕЛУ ПАРАҚЫН ӨЗГЕРТЕДІ

қайта карау нөмірі	Бекітілген ұйымдық- өкімдік құжаттың (ҰҚ) нөмірі мен күні	Құжаттың өзгертілген бөлімдерінің, тарауларының, абзацтарының, абзацтарының нөмірі	Өзгерістің атауы және қысқаша сипаттамасы	Өзгертуге арналған құжаттың атауы және басқа реквизиттері (қажет болған жағдайда толтырылады)
2	Директорлар кеңесінің Шешімімен 29.05.2020 ж. №19 хаттама		редакциялық мақаланың 30% (отыз пайыз) астамы	

Пронумеровано и прошито на 17 листах

Председатель Правления АО "КСЖ "KM Life"

Бекболатова Н.Б.

